

А.Қ.ДҮЙСЕНБАЕВ^{1}, Ф.Б.БАЗАРФАЛИЕВ², Т.С.ҚОЯНФАЛИЕВ²,
Г.Ж.СУЛЕЙМЕНОВА³, Д.Д.БАЙДАЛИЕВ¹*

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),*

²*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (Атырау, Қазақстан),*

³*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе, Қазақстан)*

adk7575@mail.ru, gabit72_72@mail.ru, erkyn5@mail.ru,*

guljanat_sj@mail.ru, Baidaliev-d@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

Аңдатпа

Халық педагогикасынан оқыту, үйрету, бейімдеу, тәрбиелеу бағыттарындағы тағылымдар ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибелері десек, халықтық тәрбие деп біз белгілі адамдардың және оның ұрпағына тәлімдік әсер етуінің тарихи қалыптасқан жүйені түсінеміз. Бұл жүйе халықтың бүкіл өмір тіршілігімен, болмысымен біртұтастықта болады. Этностық-мәдени сәйкестіктің негізі тіл, ғұрып, діни сенімдері, тарихы сияқты сәйкестіліктерін барынша сақтауға және дамытуға ұмтылысы жаһандану үрдісінің мазмұндық көрінісін білдіреді. Осыған сәйкес, тәрбие мен тағылымдар адам баласының қоғамда, отбасында, жалпы өнегелері әрдайым ата-бабаларынан мирас болып келе жатқан өсиет, адамгершілік құндылықтар негізінде қалыптасып, жүзеге асып отырады. Сондықтан тұлға негізінен этномәдениеттің талаптарымен өсіп, өркендеп дамиды. Бұлардың бәрі бала тәрбиесінде шынайы қолданылып, оның дамуына жол ашады.

Түйін сөздер: этномәдени мұра; патриоттық сана; патриоттық тәрбие; тұлға тәрбиесі; отбасы тәрбиесі; ұлттық тәрбие.

Кіріспе. Әлемдік деңгейде адамзаттың қалыптасуы мен даму тарихы, оның әр кезеңдегі айқындалған өркениет үрдістері, халықтың гүлденіп өркендеуінің, қоғамдағы прогрессивтік өзгерістердің негізі мәдениет пен тәрбиеге байланысты. Әрбір мемлекеттің интеллектуалдық, экономикалық, парасаттылық және мәдени қатынасы қоғамдағы тұлғаның тәрбиесіне және оның жетілуі, өсуі ғылымдар тоғысында зерделенеді, бірақ оның өнегелі болып қалыптасуын педагогика ғылымы зерттейді.

Қашан да халықтың өмір сүруі, дамуы мен ілгерілеуі ұрпақтар бойындағы қасиетті сезім – тәрбие мен рухани-адамгершілік екенін ата-бабаларымыз жақсы түсінген. Демек, ұлттық тәрбиенің негізі

тәрбие мен өнегелі сөзден бастау алады. Сондықтан халқымыздың тағылымдық мұралары әлдебір соғысты бейнелейтін тарих, зұлымдықты сипаттайтын әңгіме, әділетсіздікке үгіттейтін насихат емес, ел бірлігі мен ұлтын сүюді, отбасы мен бауырларын сыйлайтын және туған жерге деген махабатты қастерлеуге шақыратын тәрбиелік туындылардан тұрады. Бұл туған жеріне махабат пен еліне деген сүйспеншілікті орнататын елді қорғау атрибутына айналды.

Қазақ халқында отбасы мен орда қоғамның негізін құрайды. Отбасы тәрбиесі проблемасымен айналысып жүрген Қ.Т. Атемова өз зерттеулерінде: «Қазақ халқында отбасы тәрбиесінің қалыптасуы мен дамуының негізі болған көне

дәуірлердегі дәстүрлердің жалғасы болып келеді. Ол қазақ ұлтының даралығы мен ерекшелігін көрсетеді», – деп сипаттайды [1, Б. 58.].

Қазақ халқының тағылымдық мұраларында негізінен ұлттық тәрбие құралдары жас ұрпақтың азамат болып қалыптасуына бағытталады және отбасы тәрбиесінен бастау алады. Оның құрылымында рухани және мәдени құндылықтар арқылы тұлғаның әлеуметтенуіне ерекше көңіл бөлген. Сондықтан да осы феномендердің тарихи ролін объективті бағалау, әртүрлі тәрбие институттарының қалыптастырушы ықпалын зерделеудің қазіргі кездегі қажеттілігі артып отыр. Өткеннің тағылымдық өнегелерін білу, оны ой елегінен өткізу және қолдану бүгінгі күні ең маңызды тәрбие проблемаларын шешуге ықпал етеді. Оны біз тарихи синкреттілік қағидаларымен түсіндіреміз. Негізгі деректерге сүйенетін болсақ: «Ертедегі түркілердің өркениеті жоғары болғанын және әлемдік өркениетке ғылымды үйреткені туралы зерттеулер қазіргі кезде Еуропа ғалымдарын мойындатуда» делінген [2, Б. 204.].

Негізгі бөлім. Бүгінгі таңдағы еліміз тәуелсіздік алған жылдарынан бастап, ұлттық рухани мұраларымыз бен көне дәстүрлерімізді қайта жаңғырту мен дамыту, ұлттық болмысымызды тұтастай ғылыми зерделеуде, талдауда, соның ішінде этнопедагогикалық мұралар арқылы тәрбие берудің алатын орны ерекше. Осыған байланысты халқымыздың ой-санасының, оның даму үрдістеріндегі ұлттық тәрбие берудің педагогикалық құралдарына бетбұрыс жасау халықтың тағылымдық мұраларын жаңғыртуды, ондағы категориялар жүйесін жеке-жеке талдау, оны бүгінгі заманға сай лайықталған көріністерін ұсынуды қажет ететіндігі сөзсіз.

Зерттеудің әдіснамасы. Қазақ халқының тағылымдық мұраларындағы отансүйгіштік тәрбие берудің ғылыми-әдіснамалық негіздері тарих, философия, этнология, этнография, этнопедагогика, этнопсихология ғылымдарының қағидаларына сүйене отырып зерделенеді.

Әдеби шолу. Негізінен ғылыми бағытта кең этномәдени білім мен тәрбие беруге бағытталған ғылыми еңбектерге ғалым Б.Аяғанның «Ұлы дала қорғаушылары» атты зерттеуінде қазақ батырлары туралы кең мағлұмат берілген [3]. Сонымен қоса, осындай зерттеулердің қатарында Қазақ елінің іргетасын қалаған алып тұлға, саясаткер, баһадүр Ер Едіге туралы зерттеудің профессор Ж.Асанның монографиясында көрініс табады [4]. Қазақ халқының патриоттық, ерлік мұрасы туралы К.Сәттібайдың еңбегінде жан-жақты баяндалады [5]. Мемлекетіміздің өркендеуі мен дамуында әйгілі тұлғалар туралы зерттелуге Р.Үркімбаевтың еңбегінде ғылыми баға берілген [6]. Ел дамуының тарихында үлкен жетістіктер мен ірі оқиғалар жайында зерделеу С.Пірназар еңбегінде көрініс табады [7]. Халқымыздың тағылымы мен тәрбиесін зерделеуде, бата-тілектердің орны ерекше болып табылады, өсиеттік мұраны жастар тәрбиесіне қолданудың маңызы туралы Ж.Нұралиева кеңінен сипаттама береді [8].

Әдістер. Ғылыми мақаланы дайындау барысында философиялық, педагогикалық, этнопедагогикалық, психологиялық, этнопсихологиялық, этнологиялық, тарихи, әскери және әдістемелік еңбектерге шолу мен салыстырмалы талдау жасалды. Осыған сәйкес біз жеке тұлғаны ұлттық тәрбиемен сусындатып, халықтың салт-дәстүрін бойына дарыту үшін, этномәдени мұралардың алатын орны ерекше болып табылады. Біздің саналы, тағылымдық өнегелеріміздің нәтижесінде балаларымыздың бойында дала халқының өкіліне тән қажырлылық пен сабырлылық үлкен мәнге ие. Демек, адам ресурсы қоғамдық жағдайда «Ұлттық рухы» мықты патриот тұлғамен толыға түседі: «Тұлға – қоғамдық үрдістің басты элементі, қозғаушы күші. Егер тұлғаға анықтама беретін болсақ, бір іспен айналысатын, өзіне лайықты азды-көпті тәжірибесі, білімі, дағдысы, икемі, дүниетанымы, сенімі, талғамы, мұраты, бағыт-бағдары бар, өзге адамдармен қарым-қатынас жасай алатын жеке адамды айтамыз. Ол өзінің тәжірибесіне сүйеніп түрлі іс-әрекет жасайды», – дейді [9, Б. 224.].

Осыдан, қазақ халқы тарих сынынан, бәсекелестіктің соқпағынан өткен өте толерантты ұлт екенін білеміз. Олай болса, қазақ мәдениетінің дамып, бүгінгі күнде рухани қазынаға айналуы ағартушы, ғұлама, данышпандарымыздың мұраларының үлесі мол болды. Сондықтан, тәрбие тағылымдары – елдің үлкен этномәдени қазынасы болып табылады. Бұл қағидадан халқымыздың тарихы мен өткенін тануға болады. Яғни «бірлік, ар, намыс, бауырмалдық» басты саяси-әлеуметтік ұстаным ретінде қарастырылады. Ал этикалық әдебиеттерде «Ар» туралы көптеген анықтамалар мен ережелер кездеседі. Мысалы: «Ар мен ұят – адамгершілікті, мейірімділікті насихаттап адамдар арасында жақсы ниетті қарымқатынас болып табылады. Адамдардың өмір сүру жағдайында қалыптасатын жоғары деңгейдегі сыйластық пен құрметтің белгісі. Соның негізінде адам пішіні көрініс табады» - деп сипаттама беріледі [10, Б. 17.].

Нәтижелер. Қазақ халқының негізгі ардақтайтын қасиеттері: қайрат пен күш, тағылым мен өнеге, мейірім мен құрмет, жақсылық пен ізгілік жасаудың биік мұраттары; бір-біріне қамқор болу, топтасып көмек беру, ізгілік қатынас негізінде тұлғалыққа ұмтылу, ел басқарудағы әлеуметтік талаптарды кеңінен меңгеру, қиындықты жеңу мен қайсарлық, дала өмірінің заңдарын бұлжытпай орындап, табиғаттың қуатынан нәр алып, қажырлы ерлік үлгілерін көрсетіп елін, жерін қорғап, отансүйгіштік тәрбиенің негізгі компоненттерін ашып көрсетеміз. Демек «бөрілік рухты» қазақ азаматы өзіне көшірген деп бағамдауымызға болады. Осы аталған факторлардың жиынтығынан тұратын әлеуметтік институттағы идеалды адам образы – тән мен рухтың дуалистік бірлігін қатар шыңдайтын тұлға дайындау болып табылады. Қазақтардың арғытүптік дүниетанымынан бастап, ондағы тұрмыс-салт ерекшеліктерін, номадологиялық өмір сүру шарттарын байыптай отырып, ұлттық рух пен әлеуметтік ортада жетілуі туралы тәрбиелік қағидаларын дамытып, бүгінгі ұрпақты ерлікке, отансүйгіштікке, батырлыққа

баулуда ұлттық құндылықтарымызбен дүниетанымымыздың дәйектілігін аңғарамыз. Осыдан кейінгі келер ұрпаққа этномәдени дәстүрлердегі рухтың орны ерекше болып табылатыны сөзсіз. Тағылымдық үрдіс бірін-бірі қайталамайды, әрқайсысы өзіндік ерешеліктерімен сипатталады. Яғни дала аймағында өмір сүрудің негізгі қағидалары, адамгершілік өлшемдері мен талаптары ата салтын құрметтеу мен дәстүр сабақтастығы арқылы шешімін тапқан. Мұның бәрі де қоғамдық ортада тұлғаның әлеуметтеніп, дұрыс жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Қазақ халқының салт-дәстүрлері баланың дүниеге келгеннен бастап жүзеге асырылып, рухани мол тәрбие мен жалғасын тауып отырады. Сондықтан балаға үйрету, түсіндіру, жаттықтыру, машықтандыру әдістері арқылы жауынгерлік тәрбие мен қатар өнер, кәсіп түрлерін меңгертеді. Халқымыз «жігітке жеті өнер де аз» деп айтады. Тұлғаның толық адам болып қалыптасуына отбасы ғана емес, ортасы, табиғаты, салт-дәстүр т.б. ықпал етеді.

Талдау. Қазақ халқының тағылымдық мұралары – мәдени және рухани құндылықтары, дәстүрлері адамның тұлға болып қалыптасуына, оның отансүйгіштік және адамгершілік қасиеттерін жинақтауда, тұтас алғанда жеке тұлғаны әлеуметтендіруде әрдайым маңызды роль атқарған. Сондықтан осы феномендердің тарихи ролін объективті бағалау, түрлі тәрбие институттардың қалыптастырушы ықпалын зерделеудің қазіргі кезде қажеттілігі артып отыр. Өткеннің тағылымдық өнегелерін білу, оны ой елегінен өткізу және қолдану еліміздегі тәрбие проблемаларын шешуге ықпал етеді. Ұлттық рух әрбір кезеңде бала тәрбиесінде үлкен маңызға ие болып табылады. Көшпенділердің ардақтайтын қасиетті ұғымы Көк тәңірінің ұрпағымыз деп санаймыз. Демек біз табиғаттың тылсым күштерімен үндесіп отырамыз. Мұның дәлелі, Күлтегіннің таста ойып жазған жазуларында анық айтылған: «Көк түркі тәңірісі, Түркінің қасиетті жері, суы туралы былай депті: Түркі халқы жойлмасын дейді, Ел болсын дейді», – деп келтіреді [11, Б. 23.].

«Ар-ұят» деп адамгершілік өлшемдеріне байланысты біздің мінез-құлықтарымызды құрайтын ішкі дауысымызды айтады. Яғни: «Мағыналық тұрғыда алғанда ар-ұят, құрмет, қадір-қасиет деген ұғымдармен қатар қолданылатын философиялық моральдық ұғым, этикалық категория тұрғысынан алып қарағанда «адам бойындағы ең қасиетті азаматтық құндылықтардың бірі» деп сипаттама беруге болады [12, Б. 131.].

Рухани-ізгілік және діни таным ол имандылық тұрғысында сипатталады. Қазақстан Республикасы Бас муфтиі болған Ержан қажы Малғажыұлының «Дін мен дәстүр» кітабында: «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жастайынан имандылық пен салауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы мықты, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз» деп келтірген болатын [13, Б. 8.]. Сонымен қатар бүгінгі діни, имандылық тәрбиенің де алатын орны ерекше, бұл туралы: «educational system of Kazakhstan is clearly torn apart, but the unity of the spiritual and intellectual bases of education and the state system of upbringing of a comprehensively educated and spiritually developed citizen of the country is undermined» дейді [14, P.262].

Белгілі философ Гегель «Арды» жақсылықтың іштей айқындалу үрдісі ретінде бағаласа, философ Ж.П.Сартр тұлғаның қоғамның талаптарынан туындаған деген пікірде болады [15, Б. 59.]. Қазіргі Еуропалық этикада ардың мәртебелік және гуманистік түсініктері айқындалған. Алдымен сырттан танылған құндылықтарды қабылдаумен байланысты болса, екіншісі адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне байланысты.

Халқымыздың ең маңызды ардақтайын құндылығы «Ар, намыс, ұят» болып табылады. Өз арына сөз келтірмеу, арды жоғары қою ең мәртебелі іс. Сондықтан болар, халқымыз: «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымының садағасы» деп халық мақалында түсінік беріледі. Хакім Абай: «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол», «Атымды Адам қойған соң қайтып на-дан болайын», «Адамзаттың бәрін сүй бауы-

рым деп...», «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа» – деп келтіреді [16, Б. 200.].

Ал Шәкәрімнің ғылыми тағылымдық мұрасында «Ар ілімі» деп қарастырды. Ары бар кісі ғана иманды, парасатты, ізгі адам болып табылады. Мұны Шәкәрім: «Адам еңбек, білім үйренумен қатар, «Ар ілімі» туралы оқып, үйрену керек. Бұл ғылымды ақылды адамдардан үйреніп, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек» – дейді [17, Б. 94.].

Адамзаттың даму тарихында әрбір ұлт өзінің субъектілерінің сапалылығына, табиғи сұрыпталуға төтеп беретін тұлғалар қалыптастыруға, өмір мен тәжірибе арқылы шындалып өсуіне аса мән беріп, «жан-жақты жетілген» ұрпақ қалыптастыруды ниеттеген. Тұлғаның қалыптасу барысында отбасы, туыстары, ортасы, генетикалық тектілігі, қан тазалығы, ой-өрісі, дүниетанымы т.б. ерекше роль атқарады. Қазақ халқында соның ішінде тектілікке үлкен мән береді. Немесе, генеалогиялық түп негізін білу әрбір ұрпақ үшін жазылмаған заң болып табылады.

Қорытынды. Қазақ дәстүріндегі этнопедагогикалық ресми бастаулардың, арнайы құрылған ұлттық тәрбие негіздерінің, халықтың дала мәдениетіндегі өнегелілік үлгілердің, рухани кеңістіктегі шартты орталықтың бастапқы тұлғасына арналған халықтың тағылымдық мұралары өзіндік тәлімдік ой иірімдері арқылы төлтума озық ғибраттық идеялары бойынша, парасаттылықтың биік деңгейінен көрінетін тәрбиелік үрдістермен халық педагогикасында айрықша орын алады. Демек, халықтың этномәдени мұраларындағы патриоттық тәрбие беруді жүзеге асыру уақыт талабынан туындаған деп білеміз. Сондай-ақ әрбір ұлттық тәрбиенің мазмұнында бауырмалдық қағиданың бар екенін түсінуге болады. Осыған байланысты халқымыздың ой-санасының, оның даму үдерістеріндегі ұлттық тәрбиесінің педагогикалық құралдары негізінен, ел бірлігі мен ұлтын сүюді, отансүйгіштік пен туған жерге деген махаббат сезімін қастерлеуге шақыратын тәрбиелік туындылар. Бұл елімен, жерімен

біте қайнаскан, төл жер-Ананы құшатын жарық дүниедегі дауылпаз шабыттылықты, жігерлі перзенттері мен ұлдарын қамтамасыз ету талабын қажет етті. Халықтық тәрбиенің тірегі – салт-дәстүрлердегі үйретушілік кеңестер, тағылымдық аңыздар, жыр-дастандар, мақал-мәтелдер мен тәрбиелік өнегелер т.б. рухани мәдениет құрылымдары арқылы тәжірибеге айналып, халық рухында, ұрпақтар санасында, ұлттық менталитетте қолдау тапқан тәрбиелік тағылымдардың басты әсерлі факторларының бірі болған. Себебі өткен ата-баба өсиеті осы сахаралық мекенді мәңгілік сақтауды үнемі келер ұрпаққа табыс етіп отырды. Сондықтан да өткен тарихқа үлкен құрметпен қарау және оны танып-білуге деген құштарлық, рухани мұраларымыздың негізін айқындау, жас

ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу сол арқылы мәдени сабақтастықты жаңғырту, өркениетті мемлекет құру қазіргі кезеңдегі қоғам талабы болып отыр. Біз ғылыми мақаланың талабына сәйкес мынадай ұсыныстар жасаймыз:

– Орта мектеп, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында «Қазақ халқының этномәдениеті» атты элективті курстары ұйымдастырылуы қажет;

– Отбасында, қоғамдық орындарда тағылымдық консультациялар ұйымдастырылуы керек;

– Ғаламдық деңгейде проблемаға айналған жаһандану тұсында ұлттық код, ұлттық патриотизмді нағайтудағы этномәдени дәстүрлерді кеңінен дамыту қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Атемова Қ.Т., Турсунходжаева Н.А. Бастауыш сынып оқушыларын қарым-қатынас мәдениетін мектеп пен отбасы ынтымақтасытығы негізінде қалыптастыру //Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2017. – № 5(49). – 56-59 бб.

[2] Бисенбай Б., Біләл Ш. Ұлы ғұлама, данышпан бабамыз Әбу насыр Әл-Фараби тағылымы хәм рухани жаңғыру //Педагогика және психология. – 2020. – № 2(43). – 203-210 бб.

[3] Ұлы дала қорғаушылары – Хранители великой степи – Guardians of the great steppe / Құрастырған Б.Аяған. – Алматы: Тау-Қайнар, 2016. – 400 б.

[4] Асанұлы Ж. Ер едіге тарихы: Монография. – Алматы: Нұрсәт, 2016. – 190 б.

[5] Сәттібай К. Менің елім. – Алматы: Нұрсәт, 2016. – 396 б.

[6] Үркімбаев Р. Елі үшін еміренгендер. – Алматы: Нұрсәт, 2016. – 380 б.

[7] Пірназар С. Парасат пен пайым. – Алматы: Хантәңірі, 2016. – 400 б.

[8] Нұралиева Ж. Қазақтың бата-тілек өсиеттері. – Алматы: Балауса, 2016. – 384 б.

[9] Дүйсенбаев А.Қ. Дәстүрлі түркілік тәрбие тағылымдары. – Ақтөбе: ЖК С.Т. Жанаділов, 2020. – 264 б.

[10] Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика және психологиядан анықтамалық сөздік. – Алматы: Medet Group, 2021. – 204 б.

[11] Ақжолова А., Дүйсенбаев А. Түркілік отансүйгіштік дәстүр негізіндегі патриоттық тәрбие: III. Uluslararası Abay Kunanbayoğlu Kazak kültürü, tarihi ve edebiyati sempozyumu (20-23 MART 2019). – Antalya, 2019. – 213 б. (20-25 бб.)

[12] Дүйсенбаев А. Түркі халықтарының этнопедагогикасы. – Түркия. – Мерсин, 2020. – 160 б.

[13] Малғажыұлы Е. Дін мен дәстүр. II кітап. – Астана, 2017. – 176 б.

[14] Duisenbayev A., Bazargaliyev G., Momenov B., Daumov N., Abylgazyiev A. Actual problems of muslim pedagogy. Modern Journal of Language Teaching Methods. ISSN: 2251-6204. – Iran, Vol. 8, Issue 10, October 2018. – P.258-264.

[15] Гусейнов А.А., Ирритц Г.С. Краткая историй этики. – Москва, 1987. – 350 с.

[16] Керимбаева Р.К., Имамбекова Г.С., Сайлыбева Қ.А. Абай шығармаларының психологиялық негізіндегі «толық адам» бейнесі //Педагогика және психология. – 2020. – № 3(44). – 196-204 бб.

[17] Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика және психология: Оқу құралы. – Алматы: Medet Group, 2021. – 156 б.

References

- [1] Atemova K.T., Tursunhodzhaeva N.A. Bastauysh synyp okushylaryn karym-katynas madenietin mektep pen otbasy yntymaktasytygy negizinde kalypastyru //Kazakstannyn gylymy men omiri. – 2017. – № 5(49). – 56-59 bb.
- [2] Bisenbaj B., Bilal Sh. Uly gulama, danyshpan babamyz Abu nasyr al-Farabi tagylymy ham ruhani zhangyru // Pedagogika zhane psihologiya. – 2020. – № 2(43). – 203-210 bb.
- [3] Uly dala korgaushylary – Hraniteli velikoj stepi – Guardians of the great steppe /Kurastyrgan B.Ayagan. – Almaty: Tau-Kajnar, 2016. – 400 b.
- [4] Asanuly Zh. Er edige tarihy: Monografiya. – Almaty: Nursat, 2016. – 190 b.
- [5] Sattibaj K. Menin elim. – Almaty: Nursat, 2016. – 396 b.
- [6] Yrkimbaj R. Eli yshin emirengender. – Almaty: Nursat, 2016. – 380 b.
- [7] Pirnazar S. Parasat pen pajym. – Almaty: Hantaniri, 2016. – 400 b.
- [8] Nuralieva Zh. Kazaktyn bata-tilek osietteri. – Almaty: Balausa, 2016. – 384 b.
- [9] Dujsenbaev A.K. Dasturli turkilik tarbie tagylymdary. – Aktobe: ZhK S.T. Zhanadilov, 2020. – 264 b.
- [10] Dujsenbaev A.K. Pedagogika zhane psihologiyadan anyktamalyk sozdik. – Almaty: Medet Group, 2021. – 204 b.
- [11] Akzholova A., Dujsenbaev A. Turkilik otansujgishtik dastur negizindegi patriottyk tarbie: III. Uluslararası Abay Kunanbayoğlu Kazak kültürü, tarihi ve edebiyati sempozyumu (20-23 MART 2019). – Antalya, 2019. – 213 b. (20-25 bb.)
- [12] Dujsenbaev A. Turki halyktarynyn etnopedagogikasy. – Turkiya. – Mersin, 2020. – 160 b.
- [13] Malgazhyuly E. Din men dactur. II kitap. – Astana, 2017. – 176 b.
- [14] Duisenbayev A., Bazargaliyev G., Momenov B., Daumov N., Abylgazyiev A. Actual problems of muslim pedagogy. Modern Journal of Language Teaching Methods. ISSN: 2251-6204. – Iran, Vol. 8, Issue 10, October 2018. – P.258-264.
- [15] Gusejnov A.A., Irrlitc G.S. Kratkaya istorij etiki. – Moskva, 1987. – 350 s.
- [16] Kerimbaeva R.K., Imambekova G.S., Sajlybeva K.A. Abaj shygarmalarynyn psihologiyalyk negizindegi «tolyk adam» bejnisi //Pedagogika zhane psihologiya. – 2020. – № 3(44). – 196-204 bb.
- [17] Dujsenbaev A.K. Pedagogika zhane psihologiya: Oku kuraly. – Almaty: Medet Group, 2021. – 156 b.

Патриотическое воспитание в этнокультурном наследии казахского народа

**А.К. Дуйсенбаев^{1*}, Г.Б. Базаргалиев², Е.С. Коянғалиев²,
Г.Ж. Сулейменова³, Д.Д. Байдалиев¹**

¹Казахский национальный педагогический университет им.Абая (Алматы, Казахстан)

²Атырауский университет им. Х. Досмухамедова (Атырау, Казахстан)

³Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова (Актобе, Казахстан)

Аннотация

Под народным воспитанием мы понимаем исторически сложившуюся систему воспитательного воздействия на известных людей и их потомков. Эта система состоит в целостности народа с его существом и бытием. Стремление к максимальному сохранению и развитию таких идентичностей, как язык, обычаи, религиозные убеждения, история, как основа этнокультурной идентичности, представляет собой содержательную картину процесса глобализации. Основа этнокультурного наследия не исключает общечеловеческих духовных ценностей, а гармонизирует с ними. В соответствии с этим воспитание и назидание формируются и реализуются в обществе, семье на основе нравственных ценностей. Поэтому личность растет, процветает и развивается в основном по требованиям этнокультуры. Все это поистине используется в воспитании ребенка и способствует его развитию.

Ключевые слова: этнокультурное наследие; патриотическое сознание; патриотическое воспитание; личностное воспитание; семейное воспитание; национальное воспитание.

Patriotic upbringing in the ethnocultural heritage of the Kazakh people

A. Duisenbayev^{1}, G. Bazargaliev², E. Koyangaliev²,
G. Suleimenova³, D. Baidaliyev¹*

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)*

²*Kh. Dosmukhamedov Atyrau University (Atyrau, Kazakhstan)*

³*K. Zhubanov Aktobe Regional University (Aktobe, Kazakhstan)*

Abstract

By folk education we mean the historically established system of educational influence on famous people and their descendants. This system consists in the integrity of the people with its being. Striving for the maximum preservation and development of such identities as language, customs, religious beliefs, history, as the basis of ethno-cultural identity, is a meaningful picture of the globalization process. In accordance with this, education and edification are formed and implemented in society, the family on the basis of moral values. Therefore, the personality grows, thrives and develops mainly according to the requirements of ethnoculture. All this is truly used in the upbringing of a child and contributes to its development.

Keywords: ethno-cultural heritage; patriotic consciousness; patriotic education; personal education; family education; national education.

Редакцияға қабылданды: 02.10.2021